

4. Участники ЕАЭС проведение межгосударственного взаимодействия осуществляют по прогнозированию в АПК, государственной поддержки сельскохозяйственного производства, в регулировании общего аграрного рынка, в развитии экспорта сельскохозяйственной продукции и продовольствия.

Список литературы

- 1 Султанов Б. Казахстан и ЕАЭС: состояние и перспективы // Казахстан-Спектр.- 2018.- №2(84).- С. 38-50.
- 2 Ушачев, И. Стратегические подходы к развитию АПК России в контексте межгосударственной интеграции // АПК: экономика, управление. – 2015.- №1. – С. 3-16.
- 3 Габдуллина Р.Ж., Лухманова Г.К., Таипов Т.А. Агропромышленный комплекс Республики Казахстан в контексте интеграционных процессов //Проблемы агрорынка.- 2018.- №2.- С. 20 – 27.
- 4 Мизанбекова С.К., Богомолова И.П. Направления эффективного развития рынка зерна в аспекте решения проблем продовольственного обеспечения //Вестник Воронежского государственного университета инженерных технологий. – 2017. - № 3 (73).- С. 294-303.
- 5 Хан Ю.А., Молдахметов А.А. Евразийская интеграция: устойчивость и конкурентоспособность аграрного сектора Республики Казахстан// Проблемы агрорынка.- 2017.- №2. - С. 21-31.
- 6 Додонов В., Муканова А., Сейдуманова С.Тенденции и факторы экономического сотрудничества Казахстана и России // Казахстан-Спектр.- 2018.- №2(84). - С. 51- 62.
- 7 Тарасов В.И., Бикмуллин А.Л., Осинина А.Ю., Глотова И.С. Новые механизмы создания интеграционных формирований // Экономика сельского хозяйства России. – 2016. - № 10.– С. 87-93.
- 8 Капышева С.К., Каменова М.Ж., Турсумбаева М.Ж. Анализ и тенденции развития взаимной торговли стран ЕАЭС //Вестник КарГУ. Серия Экономика. – 2018. - № 2(90). - С. 179-187.

9 Нуралиев С.У. Торгово-экономическая политика и ее роль в обеспечении экономической и продовольственной безопасности страны // Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий. - 2019. - №5.- С. 22-25.

Spisok literatury

- 1 Sultanov B. Kazakhstan i EAJeS: sostojanie i perspektivy // Kazakhstan- Spektr.- 2018. - №2(84).- S. 38 -50.
- 2 Ushachev, I. Strategicheskie podhody k razvitiyu APK Rossii v kontekste mezhgosudarstvennoj integracii // APK: jekonomika, upravlenie. – 2015.- №1. – S. 3-16.
- 3 Gabdullina R.Zh., Luhmanova G.K., Taipov T.A. Agropromyshlennyy kompleks Respubliki Kazakhstan v kontekste integracionnyh processov // Problemy agrorynka.- 2018.- №2.- S. 20-27.
- 4 Mizanbekova S.K., Bogomolova I.P. Napravlenija jeffektivnogo razvitija rynka zerna v aspekte reshenija problem prodovol'stvennogo obespechenija //Vestnik Voronezhskogo gosudarstvennogo universiteta inzhenernyh tehnologij. – 2017.- № 3 (73).- S. 294-303.
- 5 Han Ju.A., Moldahmetov A.A. Evrazij-skaja integracija: ustojchivost' i konkurentosposobnost' agrarnogo sektora Respubliki Kazakhstan// Problemy agrorynka.-2017.-№2 .-S.21-31.
- 6 Dodonov V., Mukanova A., Sejdumanova S.Tendencii i faktory jekonomicheskogo sotrudnichestva Kazahstana i Rossii // Kazakhstan-Spektr.- 2018.- №2(84). - S. 51- 62.
- 7 Tarasov V.I., Bikmullin A.L., Osinina A.Ju., Glotova, I.S. Novye mehanizmy sozdanija integracionnyh formirovanij //Jekonomika sel'skogo hozjajstva Rossii.- 2016.- № 10.– S. 87-93.
- 8 Kapyшева S.K., Kamenova M.Zh., Tursumbaeva M.Zh. Analiz i tendencii razvitija vzaimnoj trgovli stran EAJeS //Vestnik KarGU. Serija Jekonomika.-2018.- №2(90).- S.179- 187.
- 9 Nuraliev S.U. Torgovo-jekonomicheskaja politika i ee rol' v obespechenii jekonomicheskoi i prodovol'stvennoj bezopasnosti strany // Jekonomika sel'skoho zjajstvennyh i pererabatyvajushih predpriyatij. – 2019. - № 5.- S. 22-25.



**ҚАЗАҚСТАННЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІНДЕ САЛЫҚ САЛУ
МЕХАНИЗМІН ЖЕТІЛДІРУ**

**СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕХАНИЗМА НАЛОГООБЛОЖЕНИЯ
В АГРОПРОМЫШЛЕННОМ КОМПЛЕКСЕ КАЗАХСТАНА**

**IMPROVEMENT OF TAXATION MECHANISM IN AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX
OF KAZAKHSTAN**

К.К. МАМУТОВА*

э.ф.к., доцент

А.Б. АЙДАРОВА

э.ф.к., қауымдастырылған профессор

Г.Е. МАУЛЕНКУЛОВА

э.ф.к., доцент

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

e-mail: Katira.05.15.75@mail.ru

К.К. МАМУТОВА

к.э.н., доцент

А.Б. АЙДАРОВА

к.э.н., ассоциированный профессор

Г.Е. МАУЛЕНКУЛОВА

к.э.н., доцент

Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

К.К. MAMUTOVA

C.E.Sc. Associated Professor

A.B. AIDAROVA

C.E.Sc., Associated Professor

G.E. MAULENKULOVA

C.E.Sc., Associated Professor

South Kazakhstan State University named M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan

Аңдатпа. Республика экономикасындағы аграрлық сектордың рөлі және арнайы салық режимі негізінде патенттері бар кәсіпкерлерге салық салу жүйесі, бірінші кезекте, жалдамалы қызметкерлерді пайдаланбай, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік нысанында қарастырылған. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ең төменгі жалақы мөлшерін ұлғайту есебінен салық салу ерекшеліктері көрсетілген. Салық салудың үш оңайлатылған механизміне: шағын және орта бизнес, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар және өндірістік кооперативтер үшін талдау жүргізілген. Салық пен алымдарды есептеудің және төлеудің ерекше жүйесінде фермерлік шаруашылықтар үшін бірыңғай жер салығын пайдалану тәртібі белгіленген. Аграрлық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін ауыл шаруашылығы өндірісіндегі, өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудегі, өткізудегі, ал ауыл шаруашылығы кооперативтеріне қатысты – шаруашылық өнімдерін қайта өңдеуде және одан әрі пайдалануда салықтық рәсімдер талданған. Бизнес, ғылыми сала және мемлекет арасындағы тұрақты байланысы бар кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасауды, өндіріске инновацияларды енгізуді көздейтін "Цифрлық Қазақстан" бағдарламасы шеңберінде ауыл шаруашылығы өндірушілерінің лизингін қаржыландыру кезінде салықтық жүктемені айқындау үшін қолданбалы жобаларды қолдану ерекшеліктері көрсетілген. Зерттеу нәтижесінде салықтық реттеу әдістері, Қазақстан Республикасының АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігі жағдайында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлері бойынша сараланған салық жеңілдіктері ұсынылған.

Аннотация. Рассмотрены роль аграрного сектора в экономике республики и системы налогообложения предпринимателей, имеющих патенты на основе специального налогового режима, в первую очередь, без использования наемных работников, а также в форме индивидуального предпринимательства. Показаны особенности налогообложения за счет увеличения размера минимальной заработной платы в соответствии с действующим законодательством. Проведен анализ трех упрощенных механизмов налогообложения: для мало-



Abstract. The role of agricultural sector in the economy of the republic and taxation system of entrepreneurs holding patents on the basis of a special tax regime, primarily, without the use of employees, as well as in the form of individual entrepreneurship, are examined. The features of taxation due to the increase in minimum wage in accordance with applicable law are shown. The analysis of three simplified taxation mechanisms was conducted: for small and medium-sized businesses, legal entities - producers of agricultural products and production cooperatives. The procedure for using the single land tax for farmers in a special system of calculating and paying taxes and fees has been determined. For legal entities engaged in agricultural activities, tax procedures in agricultural production, processing, sales of crop and livestock products are analyzed, and regarding agricultural cooperatives - in the processing and further use of farm products. In the frame of the Digital Kazakhstan program, which foresees the creation of conditions for the entrepreneurship development with strong ties between business, the scientific sphere and the State, introduction of innovations in production, specifics of applying applied projects to determine the tax burden in financing leasing of agricultural producers are reflected. As a result of the study, tax regulation methods and tax incentives differentiated by certain types of agricultural products in conditions of competitiveness of agribusiness entities of the Republic of Kazakhstan are proposed.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, производство, переработка, реализация продукции, кооперация, экспорт, налогообложение, упрощенная декларация, налоговое регулирование, конкурентоспособность.

Kinipe Қазіргі кезде сапық сапуды | көпеген ректорлары мен саба-парыша

әсіресе ауыл өндірісіне қатысты салық салуды дамытудың болашақ бағыт-тарын зерттеуде ерекше теориялық-әдіснамалық, ғылыми-тәжірибелік маңызға ие.

Ауыл шаруашылық өндірісінің тұрақты дамуы елдің экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және азық-түлік қауіпсіздігін анықтайды. Агроөнеркәсіптік кешендегі өндірісті кеңейту экономикалық белсенділік пен жұмысқа орналасуға, экспортты әртараптандыруға және орта мерзімді перспективада экономикалық дамудың тұрақтылығына айтарлықтай оң әсер етеді. Қазіргі жағдайда ауыл шаруашылық өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін сақтау және дамыту қажеттілігі, аграрлық сектордағы салықтық реттеу тетіктерін жетілдіру бағыттарын іске асыру маңызды болғандық-

тан, осы мәселені зерделеу уақтылы және өзекті болып табылатынын атап өткен жөн.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қолдаудың агро-өнеркәсіптік кешенінің жай-күйі мемлекеттік бақылаудың көмегімен қамтамасыз етіледі. Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының негізі. Агроөнеркәсіп кешенді қаржыландыру тетіктері, несиелендіруді және ауыл шаруашылық кәсіпорындарына салық салуды, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісінің нақты өнімдерін өндіруден құралады. Қазақстанда шағын кәсіпорындар мен олардың жұмыстарын іске асыру тетіктері әлеуметтік-экономикалық дамудың жалпы қағидаттарына ие.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негіздері ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының дамуы мен қызмет етуі, оларды салықтық реттеу мәселесімен айналысатын отандық және шет елдік ғалымдардың, экономистердің еңбектері, ҚР Салық кодексі пайдаланылды. Зерттеу жүйелік, интеграциялық, функционалдық ыңғайда жүргізілді. Тақырыпты зерттеу барысында кешендік, жүйелілік, ғылыми жалпылау, талдау және жіктеу әдістері, статистикалық әдістер қолданылды.

Арнайы салық салу тәртібі түсінігін зерттей келе, оның қолданылуы – ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер, шағын және орта бизнес субъектілері үшін маңызды екендігіне көз жеткіземіз. Агро-өнеркәсіп кешенін қаржыландыру тетіктері, несиелендіруді және ауыл шаруашылық кәсіпорындарына салық салуды, сондай-ақ Қазақстанда шағын кәсіпорындар мен олардың жұмыстарын іске асыру тетіктеріне бағалау жүргізу үшін қажет болады.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Мемлекеттің салықтық реттеу жүйесі салық заңнамасына бағынады. Қазақстан Республикасында салық салу тәртібінің үш жеңілдетілген түрі қолданылады:

- шағын және орта бизнес субъектілері үшін арнайы салық салу тәртібі (патенттік және жеңілдетілген декларация);
- шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнайы салық салу тәртібі;
- заңды тұлғалар, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнайы салық салу тәртібі.


Шағын бизнеске арналған салықтар мынадай ережелерге сәйкес келеді.

1 суретте көрсетілгендей патенттік арнайы салық режимінде жылдық табысы 200 есе ең төменгі жалақы мөлшерінен асуы тиіс, ал 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 300 есеге асты.

Патенттері бар жеке кәсіпкерлер келесі жағдайларда жұмыс істеуге құқылы:

- ♦ жұмысшылардың еңбегін қолданбайтын болса;
- ♦ жеке кәсіпкерлік түрінде болса;
- ♦ заңмен белгіленген жылдың 1 қаңтарынан немесе республикалық бюджеттегі ең төменгі жалақыдан 300 еседен асатын қаржы жылына сәйкес патент бойынша 1 пайыз мөлшерінде алынады.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап арнайы патент негізінде арнайы салық енгізілді, ал әлеуметтік салық (әлеуметтік қамсыздандыруды есептемегенде) патенттік алымнан алынды. Белгілі бір салық салу тәртібін қолданатын барлық салық төлеушілер үшін (трейдерден басқа) ставка 1% мөлшерінде шегеріледі.




Ескерту: [1] әдебиет көздері негізінде авторлармен әзірленген

1 сурет – Патент негізінде арнайы салық салу тәртібінің құрылымы

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін максималды бірыңғай кіріс ең төменгі жа-
лақыдан 2 044 есе жоғары (2018 жыл – бір
адамға 57 812 496 теңге), қызметкерлер
саны – 30 адам [1].

Оңайлатылған салық декларациясы негізінде салық салуды салық кезеңінде салық салынатын объектіге 3 пайыз мөлшерлемесі қолданылатындығын төмендегі 2 суреттен байқауға болады.

Есепті кезеңнің соңында қызметкерлердің орташа айлық жалақысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жеке еңбеккерлермен салыстырғанда кемінде 2 есе және заңды тұлғалармен салыстырғанда 2,5 еседен кем емес мөлшерде ең төменгі жалақыдан аз болса, онда салық әрбір қызметкер үшін салық сомасынан кемінде 1,5% шегере отырып, қызметкерлердің орташа санының негізінде есептеледі.



Ескерту: [қараңыз 1] әдебиет көздері негізінде авторлармен әзірленген

2 сурет – Оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық салу тәртібінің құрылымы

Оңайлатылған декларация бойынша бюджетке төлемдер жеке (корпоративтік) табыс салығы мен әлеуметтік салық нысанында есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-нен кешіктірмей жүзеге асырылады. Бұл жағдайда, корпоративтік (жеке) табыс салығы жеңілдетілген салық декларациясы бойынша есептелген салық сомасының 1/2 мөлшерінде, әлеуметтік салықты жеңілдетілген декларациялауға есептелген салық сомасының 1/2 мөлшерінде, мемлекеттік әлеуметтік сақтан-дыру қорына әлеуметтік аударымдар сома-сын шегергеннен кейін есептеледі.

Оңайлатылған декларация есептік жарты жылдан кейінгі айдың 10-ынан кешіктірмей мемлекеттік кіріс органына жіберіледі.

Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнайы салық режимі бірыңғай жер

салығын төлеуге байланысты бюджетке төленетін арнайы рәсімдерді көздейді және акцизделетін тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге және сатуға немесе ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге немесе сатуға арналған іс-әрекеттерді қоспағанда, ауыл шаруашылығы өндірісін өндіруге негізделеді. Бұл фермерлердің қызметіне қатысты болады.

Бірыңғай жер салығы бойынша салық кезеңі болып күнтізбелік жыл табылады.

Шаруалар немесе фермерлер үшін арнайы салық режимінде жеке меншік құқығына және жерді пайдалануына арналған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімінің жалпы алаңы жер телімінің шегінен аспауы тиіс, мыналар үшін орнатылған:

1-ші аумақтық аймақ – 5 000 га;

2-ші аумақтық аймақ – 3 500 га;

3-ші аумақтық аймақ – 1 500 га;

4-ші аумақтық аймақ – 500 га.

1. Аумақтық аймақ: шөлді, жартылай шөлді және шөлейтті дала, топырақты-климаттық аймақтардың жерлерінде орналасқан жайылымдар Алматы, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Ақтау және Түркістан облысы мен Алматы қаласы.

2. Аумақтық аймақ: 1 аумақтық аймақтан басқа Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Астана қаласы, Ақтөбе облысы.

3. Аумақтық аймақ: 1 аумақтық аймақты қоспағанда, Атырау, Маңғыстау облыстарының суармалы жерлері.

4. Аумақтық аймақ: 1 аумақтық аймақ жерлерін қоспағанда Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облысы мен Алматы қаласы, оның ішінде суармалы жерлер [2].

Шаруа немесе фермерлер үшін арнайы салық тәртібінде көзделмеген қызметті жүзеге асыру кезінде бірыңғай жер салығын төлеушілер белгіленген тәртіппен белгіленген қызмет түрлеріне сәйкес табыстар мен шығыстарды, мүлікті есепке алады және тиісті салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептейді және төлейді. Жер телімін бағалау бірыңғай жер салығын есептеу үшін салық салынатын объекті болып табылады.

Жер телімдеріне арналған бірыңғай жер салығы үшін қолданылатын жайылымдар, табиғи шабындықтар жер телімдерінің жалпы жиынтық құнының 0,1% есептеу мөлшерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Жер телімін қолданудың нақты кезеңі үшін жер телімін бағалаудың құны жер телімін бағалаудың құнын он екіге бөлу және жер телімін қолданудың нақты кезеңін айларға көбейту жолымен анықталады.

Әрбір қызметкерге, сондай-ақ ересектер мен фермер қожалығының басшыларына салық салуға арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген ай сайынғы әрбір айлық есептік көрсеткіштің 20 пайызы көлемінде әлеуметтік салық мөлшерінде төленетін бірыңғай жер салығын төлеушілер ай сайын есептейді. Әлеуметтік салық «міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген салық сомасын есептеу кезінде әлеуметтік аударымдар сомасына азайтылуы тиіс.

Әлемдік тәжірибеде, жер салығы жер телімінің нарықтық құны бойынша алынады. Шет елдерде жер жайылымдарын пайдалану құқығын көбірек бағалайды.

Алайда бұл ауыл шаруашылығы жерлеріне қатысты емес. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалануды сақтау және жердің ауыл шаруашылығы айналымынан шықпауы үшін көптеген елдер ауыл шаруашылығы жерлеріне жеңілдетілген салық салу тетіктерін пайдаланады.

Дамыған елдерде, тұрғын үй және коммерциялық ғимараттар үшін жер салығының ставкалары ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер мен оны пайдалануға қатысты салық ставкаларынан әлдеқайда жоғары. Бұл тәжірибеде жеңілдетілген салық ставкаларын пайдалану ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді жер салығынан толық босатуды қарастырады.

Бұл тұрғын үй пайдалануға немесе өнеркәсіп өндірісіне арналған жерлер ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерден әлдеқайда қымбат болуына байланысты. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес коммерциялық жер телімдерінің бірлігіне шаққандағы табыс ауылшаруашылық жерлерінен және оны пайдаланудан түскен табыстардан әлдеқайда жоғары.

Ауыл шаруашылығының жерлерін салық салудың жеңілдетілген тетіктерін қолданбайтын болсақ, онда оның шығындылығы ауыл шаруашылығы өндірісінен басқа тиімдірек салаларға кетуге мәжбүрлейді. Жалпы ауыл шаруашылық жерлеріне жеңілдетілген салық салу жүйесі ауыл шаруашылығынан басқа салаларға кетуіне тосқауыл болудың және аграрлық сектордағы инвестициялық үрдістерді ынталандырудың тиімді құралы болып табылады [3].

Ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін заңды тұлғалар және ауылдық өндіріс кооперативтері арнайы салық салу тәртібінде немесе Салық кодексінің 448 бабында белгіленген жалпы тәртіпті таңдауға құқылы.

Арнайы салық режимі:

1. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруші заңды тұлғалар:

- ♦ ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, оларды қайта өңдеу және сату;

- ♦ мал мен құстың (соның ішінде өсіру), аралар өнімдерінің, сондай-ақ қайта өңдеу және өткізу.

2. Ауылдық өндіріс кооперативтері:

- ♦ шаруа немесе фермер қожалығы – кооперативтердің мүшелері шығаратын ауыл шаруашылығы өнімдерін сату;

- ♦ шаруа немесе фермер қожалығы – осы кооперативтердің мүшелері шығаратын ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және өңдеу нәтижесінде алынған өнімдерді өндіруге қолданылады.



Ауылдық өндіріс кооперативтері:

- қатысушылар (акционерлер) – заңды тұлғалар немесе шаруашылықтар;

- жалпы жылдық табыстың кемінде 90%-ы осындай қызмет нәтижесінде алынған ауылдық өндіріс кооперативтерінің табысы.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін заңды тұлғалар үшін салықтың алты түрі кіреді: корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы, әлеуметтік салық, мүлік салығы, көлік салығы және жер салығы. Бұл экономикадағы жұмыс берушінің (оның қызметкерлеріне табыс түрінде төленген) әлеуметтік және экономикалық шығындары көрсетілген салық сомасы қаржылық жылдағы орташа жалақыға көбейту арқылы анықталады [4].

Агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толық іске асырудың негізгі міндеті – еңбек өнімділігін және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын 2 022 жылға қарай 2,5 есеге ұлғайту, мемлекеттік реттеудің барлық шараларын бірінші кезекте қазақстандық индустрияны жаңғырту және цифрландыруға байланысты агроөнеркәсіп кешенінің құрылымына заманауи агротехнологияларды ауқымды түрде тартуға бағыттау, ауыл шаруашылығы саласындағы беделді шетелдік мамандарды – «ақылды адамдарды» тарту арқылы саланы басқарудың үздік тәжірибесін пайдалануды, сондай-ақ ауыл кәсіпкерлеріне шаруашылық жүргізудің жаңа дағдыларын үйрету үшін жаппай оқыту жүйесін қалыптастыру, қажеттігі болып табылады [5].

Сол себепті қазіргі кезде ел экономикасын дамытуда ауыл шаруашылығындағы қол жеткізуде мыналарды қарастыру қажет:

- жаңа технологияларды енгізу, минералды тыңайтқыштарды пайдалануды кеңейту, кеңінен пайдаланылатын өсімдіктерді қорғауға арналған химиялық заттар мен суармалы жерлерді пайдаланудың тиімділігін арттыру жолымен егістік алқаптар құрылымында жоғары сапалы дақылдардың үлесін арттыру;

- белгіленген ауылдық бірлестіктер желісін тарту арқылы халықтан ет және сүт өнімдерін сатып алу тетіктерін іске асыруға назар аудару;

- ауыл шаруашылығының барлық секторларын несиелендіру үшін мамандандырылған ауыл шаруашылық банкін құру мәселесін дамыту;

- агроөнеркәсіптік кешенді келесі жылға бюджеттеу шеңберінде тұрақты да-

мыту үшін жеткілікті қаржыландыру және сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілерге салық салу тетіктерін зерттей отырып, теориялық және қолданбалы тұрғыда келесідей қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді.

Осы мәселелерді оңтайлы шешуде салық жеңілдіктерін беру жолымен ауыл шаруашылығы өнімінің жекелеген түрлеріне сараланған салық салу, салық несие-лері немесе қолжетімді бағалар бойынша әлеуметтік маңызы бар өнімдерді өндіруге арналған бюджет дотацияларын беру арқылы жүзеге асырылуын қарастыру қажет.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің табиғат жағдайларына тәуелділігі залал алу тәуекелін жоғарылатады. Бұл салық жүйесіне салық төлемдерін кейінге шегеру, салықтық несие, залалдарды алдыңғы салықтық кезеңге ауыстыру сияқты қосымша мүмкіндіктерді енгізу қажеттілігін айқындайды. Жыл ішінде табыс алудың әртүрлі мерзімділігі мен маусымдылығы ұзақ есептік кезең мен салық төлемдерін төлеу міндеттерін жыл соңына ауыстыруды пайдалану мүмкіндігін қалыптастыру қажет [6].

Бұл әртүрлі жеңілдіктер беру арқылы қоғам мен мемлекет үшін басым салалар мен өндірістерде ауыл шаруашылығын ынталандыру халық шаруашылығының ілгерімелі құрылымын қалыптастыру негізінде жедел экономикалық өсуді қамтамасыз ету тұрғысынан жүзеге асырылады. Алайда, мұндай ынталандыру өзін-өзі ақтай отырып, өзінің кері жағы ретінде бірқатар теріс салдарларға ие:

- біріншіден, кәсіпорындар мен ұйымдардың белгілі бір бөлігін салықтарды азайту нысанына қосымша қаржы ресурстарын беру олардың еңбектерімен, қосымша еңбек күш-жігерімен және т.б. байланысты емес;

- екіншіден, бір шаруашылық жүргізуші субъектілерге салық салуды азайту, шаруашылық жүргізуші субъектілердің басымдығының құрамына кірмейтін қоғамдық пайдалы қызметпен айналысатындарға салықтарды ұлғайтумен сипатталады;

- үшіншіден, салық салу үрдісі шаруашылық жүргізуші субъектілер бірдей табыс сомасынан әр түрлі салықтарды төлеген кезде әділдік принципі бұзылады [7].

Нәтижесінде салық салудың ынталандырушы қызметі мен оның әділдік сипатын қамтамасыз ету қызметі арасында қарама-қайшылық туындайды. Бұл қайшылық салық жеңілдіктерінің сипатына байланысты екі жолмен шешілуі мүмкін.

Бірінші жолы халық шаруашылығы салаларының және жекелеген өндірістердің басымдықтарына, сондай-ақ экономиканың нақты секторын дамытуға арналған инвестицияларға байланысты салық жеңілдіктерін беруге байланысты. Сала мен өндірістің нығайып, басым дамуын алған мемлекетке одан алынған ақшаны қайтару үшін барлық салық жеңілдіктерін несиеге ұсыну керек [8].

Салық жеңілдіктері арқылы экономиканы дамытуды ынталандыру деңгейі де өзінің төменгі және жоғарғы шектеріне ие болады. Бұған себеп экономикалық жүйелер салық салудың фискалдық және ынталандырушы қызметтері арасындағы қарама-қайшылығы. Осыған байланысты мемлекет елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының әрбір тарихи кезеңіне қатысты фискалдық және ынталандырушы қызметтер арасындағы арақатынасты оңтайландыруға ұмтылуы қажет.

Фискалдық мақсаттарға ұлттық экономиканың басымдылығы болмауы тиіс, өйткені жиналатын салықтар өзін-өзі мақсатпен емес, тек бірқатар әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге арналған құрал ғана. Олардың ең маңыздысы орнықты негізде тиімділігі жоғары экономикалық өсуді қамтамасыз ету қажет [9].

Тиісінше, салықтарды фискалдық мақсаттардан басқа да өсуге көмек беру үшін пайдалану қажет. Бұл өсім ең алдымен, оның негізгі нүктелерінде, басқаша айтқанда, ғылым мен техниканың сөзі бойынша олардың жабдықталуын қамтамасыз ету есебінен ұлттық экономиканың барлық басқа салаларын өзіне тартуға арналған басым салалар мен өндірістерде жүзеге асырылуы тиіс. Өз кезегінде, басым салалар мен өндірістердің экономикалық дамуын ынталандыру үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасау қажет, ал бұл салық салуды мақсатты саралауға жататын мемлекеттік реттеудің бірқатар тұқаларын белсенді пайдалануды көздейді.

Тұжырымдар.

1. Агроөнеркәсіп кешенін салықтық реттеу белсенді салық саясатын жүргізуге бағытталған салық салу аспектісі болып табылады.

2. Қазақстанда салық салу тәртібінің үш жеңілдетілген түрін қолдану кәсіпкерлердің санын ұлғайтуға және олардан түсетін түсімдердің уақтылы жиналуын қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

3. Салық жеңілдіктері арқылы экономиканы дамытуды ынталандыру қажет.

4. Шаруашылықтардың қазіргі заманғы техникалық-технологиялық және сандық бағдарламаларымен қамтамасыз ету мақсатында лизингтік қаржыландыруда салықтық жеңілдіктер қарастырылуы керек.

Әдебиеттер тізімі

1 ҚР Салық кодексі. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» [Электрондық ресурс].-2018.-URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120> (қаралған күні: 15.05.2019).

2 Баранова Н.А. Государственная поддержка аграрного сектора экономики // Проблемы агросырынка. –2015.-№ 4. – С. 44-51.

3 Бигельдиева З.А. Қазақстан Республикасының жер ресурстарын рационалды пайдаланудың экономикалық аспектілері // Проблемы агросырынка.-2018.- № 3.- Б.179-181.

4 Қазақстан Республикасының Азаматтық Бюджеті. Қолданыстағы Заңнама шеңберінде.- Астана, 2014.-Б. 41-45.

5 «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2014 - 2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1581 қаулысы [Электрондық ресурс].- 2014.- URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31498840 (қаралған күні: 21.11. 2018).

6 Дуйсенбай Б. Становление и развитие агробизнеса в Казахстане.- Алматы, 2014.- 218 с.

7 Жатқанбаев Е. Аграрный сектор экономики Казахстан в условиях глобализации // Саясат.-2015. -N 12. – С. 24-28.

8 Гринкевич Л.С., Иванова Ю.Н. Развитие методов налогового регулирования деятельности предприятий АПК. - Томск, 2014.- 152 с.

9 Сигарев М.И. Государственная поддержка аграрного сектора Казахстана // Проблемы агросырынка. – 2016.- № 1. – С. 65-72.

Әдебиеттер тізімі

1 ҚР Салық кодексі. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» [Электрондық ресурс].- 2018. - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120> (қаралған күні: 15.05.2019).

2 Baranova N.A. Gosudarstvennaya podderzhka agrarnogo sektora ekonomiki // Problemy agrosyrynka. –2015.-№ 4. – S. 44-51.

3 Bigel'dieva Z.A. Қазақстан республикасының жер ресурстарын рационалды пайдаланудың экономикалық аспектілері // Problemy agrosyrynka. –2018.-№ 3. – B.179-181.